



**«Дидар-Нұр» ЖШС балабақша
Ата-аналарға консультациялық жұмыс жүргізілді
Балабақшаға дайындық**


Балабақшаға берерден шамамен бір ай бұрын сәбиіңізді балабақшамен таныстырыңыз. Жай ғана балабақша аумағында серуендеуге барыңыздар, сонда ол балабақша ғимаратының әсемдігіне тамсанып, ол жаққа тағы да баруға ынтасы оянады.

Балабақша – баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы, себебі енді анасы тәулігіне 24 сағат бойы қасында болмайды және мұнда оны күткен өзі құралпылас балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен жаңа ұжым бар. Балабақшаға бейімделу кезеңі әр балада әр алуан сипатта өтеді. Қалай болғанда да, ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай.

Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махаббаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбиешілер «екінші ата-ана» әрі орта есеппен 15-25 балаға ортақ. Кез келген ана мұны жақсы түсінеді, әйтсе де баланы өмір бойы жанында ұстау мүмкін емес, өйткені ол өмірдің жаңа сатыларымен танысып, жаңа дағдылар, өмірлік тәжірибе жинақтауы тиіс.

Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаны ұнатуына көмектесетін қарапайым ережелерді басшылыққа алған.





Баланың балабақшаға бейімделуі


(ата-аналарға арналған кеңес)

(Психологтың кеңесі)

Балаңызды балабақшаға беруге бел бусаңыз. Балабақшаға бармас бұрын, баланы алдын-ала қалай дайындауға болады екен деген сұрақ туындайды.

Сіздерге бірнеше қарапайым ұсыныстарды қолдануға ұсынамыз:

1. Баланы балабақшаға алдын-ала дайындаңыз.
2. Балаға қарым-қатынас орнатуға үйрету өте маңызды. Баланы ойын алаңына, түрлі мейрамдарға қыдыртыңыз, өзіңізбен бірге қонаққа ертіп жүріңіз, достарын үйге шақырыңыз. Баланың қатынас шеңберін үйі-тай-тыңыз. Күрдастарымен байланыс құрған үшін мадақтап отырыңыз.
3. Балаңызды жақын туыс немесе таныстарыңыздың қасына қалдырып кетіңіз, алдымен бірнеше сағатқа, одан кейін сағатты ұзартыңыз. Сіз де бір шаруа, яғни жұмыс бар екенін, үйге тамақ, киім, ойыншық үшін ақша тауып жүргеніңізді балаңызға түсіндіруге тырысыңыз.
4. Баланы бақшаға даярлау барысында баланы ойын алаңына алып келіп, балалар мен тәрбиешілерімен таныстырып, топты көрсетуіңізге болады және басқа балалармен ойнау өте қызықты болатынын айтып отырғаныңыз жоқ.
5. Баланы бақшаға даярлау барысында, баланың ертегідегі сүйікті кейіпкерінің бақшаға қалай барғаны, немен айналысқаны және балабақша туралы көбірек айтуыңыз керек.
6. Үйде балаңызбен бірлесіп, балабақша ойынын ойнаңыз. Баланың ролінде өзіңіз немесе баланың сүйікті ойыншығы болсын. Ойын арқылы балаға танысудың жолын, қалай ойнауға болатынын көрсетіңіз.
7. Баланы бақшаға бару кезінде, уайымсызды көрсетпеңіз. Бала балабақшаға бару керектігін өзі түсінуі керек.



Жазалау мен кешіру шеберлігі

(Психологтың кеңесі)

Ата-ананың есіне:

- 1) Баланы кінәлі бергеннен гөрі, сәтсіздіктерін байқамай, қайта сенім ұялатып, сергітіп, баланы жеті мақтап отырыңыз.
- 2) Бала өзінің сәтсіздігіне сену үшін, алдымен оның сәтсіздігін үлкендер мойындауы тиіс. Жазалау жеңіл, ал тәрбиелеу қиынға соғады.
- 3) Өзіңіз қауіпті жағдай туындатпай, лезде тыйым салуыңызды шектеңіз. Егер балаңызға кеше рұқсат берсеңіз, бүгін де рұқсат беруге тырысыңыз. Кешірімді болыңыз.
- 4) Жаңжада барлық үлкендердің бір нәрсеге «тыйым салуы» бірауыздан болуы тиіс.
- 5) Баланың ерегесуін (қырсығуын), өзіңіздің салмақтылығыңызбен бастау болады.
- 6) Баланың өз сүйіспеншілігіне және жемістілігіне кедергі жасамаңыз.
- 7) Баланы түсінуге және оның тұрғысынан оның жаман қылығын бағалауға тырысыңыз.
- 8) Егер жазалаймын ба, әлде жоқ па деген ойда болсаңыз, - жазаламауға тырысыңыз!

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы
Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама 7

«Сіз өз балаңызды дұрыс тәрбиелеп жатырсыз ба?» сауалнама

Қатысушы: Ата-ана

1. Кез-келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?
2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
4. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
5. Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге болады ма?
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
9. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?
11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?
12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл аудармайсыз ба?
13. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?

Жауабы:

1. Әрқашан жасаймын, келісемін - 3 ұпай
2. Кейде ғана келісемін - 2 ұпай
3. Келіспеймін - 1 ұпай

- 0-16 - Бала тәрбиесі - сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз.
 - 17-30 - Балаға қамқорлық жасау - бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиелік қабілет бар, тәжірибеде әрқашан бір қалыпты, бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек.
 - 31-39 - Бала сіздің өміріңіз үшін ең құнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз.
- Қорытындысы:

Әдістемені қорытындылау: Ата-аналардың басым көпшілігі 31-39 балл жинады ол ата-аналар Бағдат Азиза Шадиярқызы, Бақыт Әмина Русланқызы, Бақыт Мухаммад Ақниетұлы, Бекасыл Бегімай Бекгұрқызы, Берікмағанбетова Медина Нұржанқызы, Дәулет Медина Дәулетқызы, Дүйсенбай Әділбек Мейрамбекұлы, Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы, Ерболова Айкөркем Елдосқызы, Еркебұланұлы Ерсұлтан, Жангелді Абдулла Әлібиұлы, Жұмажан Хамза Тимурұлы, Жүсіпов Айтөре Тұрарұлы, Қазбек Мұса Қайратұлы, Қазыбек Ерхан Нұрханұлы, Қыстаубаева Асылым, Мирамбай Ақылбек Серікұлы Мирамбек Айлана Нұрханқызы, Мұратбек Жантөре Асланұлы, Мұратбек Хантөре Асланұлы ата-аналары.

17-30 Нияз Мансур, Сыражадин Айсель Ертайқызы, Түлкібай Қайыржан Сертайұлы, Артурқызы Айдана, Аяпова Айқаракөз Данабекқызы ата-аналары жауап берді

Психолог: Саукенова А.

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы
Диагностика қорытындысы бойынша

Қатысушы: Ата-аналар

Мақсаты : Балабақшамызда өткен ашық есік күніне орай өткізілген сауалнам.Ата-аналардың ойын білу.Тәрбиешіге көзқарасын анықтау.

Ашық есік күніне орай өткізілген сауалнамалардың қорытындысының нәтижесінде: Ата аналар төмендегідей жауап берді.

1. Балабақша туралы ойыңыз қандай?

- а)көңілім толады
- б)жақсы
- в)көңілім толмайды

2. Тәрбиешіңізге көзқарасыңыз қандай?

- а) өте жақсы
- б)жақсы
- в) қанағаттанарлық

3.Бүгінгі тәрбиешінің балалармен өткізілген жұмысы ұнады ма?

- а) қызықты өтті
- б)жақсы

в) мүлде қызықсыз


4.Балалар бүгінгі сабаққа қалай қатысты?

- а) өте белсенді
- б) қызығып қатысты
- в) жалығып кетті


5. Ашық есік күні туралы өз ойыңыз?

Ал 5-сұраққа ата-аналардың пікірлеріне келетін болсақ өз пікірлерін жақсы түрде жеткізген.Ойларын Ашық жаза білген


1. Балабақша туралы ойыңыз қандай?




2.Тәрбиешіңізге көзқарасыңыз қандай?



3.Бүгінгі тәрбиешінің балалармен өткізілген жұмысы ұнады ма?



4.Балалар бүгінгі сабаққа қалай қатысты?



Психолог: Саукенова А.З

**«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы
Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама**

Жалпы ата-аналар жиналысы

Қатысушылар: Ата-аналар

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

«Жүрек жылуы» жаттығуы

Қатысушыларға кішкене жүрекшелер таратылады.

Тренингке қатысушы аналар....

«Менің сен сияқты керемет анаға тілейтінім!». деген ойды жалғастырулары керек. Бір-біріне деген жақсы лебіздерін білдіреді.

Додокадэр әдісімен сергіту сәті

«Қызықты сұрақтар» ойыны.(лақтыру арқылы)

- 1. Балаңыздың туған күні?**
- 2. Тәрбиешіңіздің толық аты-жөні?**
- 3. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?**
- 4. Балаңыз қандай өлшемде аяқ киім киеді?**
- 5. Балаңыздың досы кім?**
- 6. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?**
- 7. Балаңыздың бірінші тісі қанша айында шықты?**
- 8. Балаңыздың сүйікті асы қандай?**
- 9. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?**

Додокадэр әдісін ойнау арқылы ата-аналарға сұрақтар қою, сұрақтар арқылы балабақша туралы ата-ана ойын және бала мен ата-аналармен қарым қатынасын анықталды.

Психолог: Саукенова А.З

